

## Шағын бизнес орталықтарының республикалық желісін құру және дамыту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 маусымдағы N 849 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 10 шілдедегі N 1727 қаулысымен К941727\_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж, N 26, 274-бап) бекітілген Қазақстан Республикасында Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Шағын бизнес орталықтарының республикалық желісін құру мен дамытудың қоса беріліп отырған бағдарламасы бекітілсін.
2. Экономика министрлігі мен Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қазақстандық орталығы шағын бизнес орталықтарының республикалық желісін құру мен дамыту бағдарламасын жүзеге асыруға жауап берушілер болып б е л г і л е н с і н .
3. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау мен бәсекелестікті дамыту қоры таратылып, оның қаржылық міндеттемелері, мүліктері, үй-жайлары Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қазақстандық орталығының балансына б е р і л с і н .
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті :

шағын бизнес орталықтарының жарғылық қорларындағы мемлекеттік акциялар пакеттері мен мүліктік пайларды иелену, пайдалану және басқару құқығын Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қазақстандық орталығына берсін;

Қазақстан Республикасында Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесіп, өндірістік объектілердің 10 процентін, жер учаскелерін пайдалану мен иенелу құқығын, зиянмен жұмыс істейтін және тиімсіз кәсіпорындардың пайдаланылмайтын құрал-жабдықтарын

Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қазақстандық орталығына, шағын бизнес орталықтарына кейіннен конкурстық негізде шағын өндірістік кәсіпорындардың мүлдіктік жалдауына беретін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі Қазақстан кәсіпкерлерінің Конгресімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау мен бәсекелестікті дамыту қоры арқылы берілген қайтарылатын кредит негізінде шағын бизнес орталықтарының республикалық желісін құру мен дамытудың қаржылық жоспарын бір айлық мерзімде жасап, бекітетін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет Қазақстан кәсіпкерлерінің Конгресімен бірлесіп, шағын бизнес орталықтарының жүйесін дамыту үшін халықаралық ұйымдардың техникалық көмегі мен шетелдік инвестицияларды тартуға жәрдем көрсетсін.<\*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.  
N 1031 қаулысымен. P961031\_

7. Шағын бизнес орталықтарының республикалық желісін құру бағдарламасын жүзеге асыру және дамыту үшін қосымшаға сәйкес Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қазақстандық орталығының Үйлестіру кеңесі бекітілсін.

8. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қазақстандық орталығының Үйлестіру кеңесі бір ай мерзімде Үйлестіру кеңесі туралы ережені және республикалық шағын бизнес орталықтарының желісін құру бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жоспарын бекітсін.

9. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы

11 қазандағы "Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қазақстандық орталығын құру туралы" N 1157 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж, N 43, 466-бап) 2, 3, 5, 7, 8, 10, 11-тармақтарының күші жойылған деп саналсын.

10. Осы қаулының орындалу барысын бақылау Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі мемлекеттік комиссияға жүктелсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 20 маусымдағы

№ 849 қаулысымен  
Бекітілген

Шағын бизнес орталықтарының республикалық  
желісін құру мен дамыту  
Бағдарламасы

Шағын бизнес орталықтарының республикалық желісін құру мен дамытудың бұл бағдарламасы Қазақстан Республикасында Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалар мен шаралар жоспарына сәйкес жасалған, бұл жоспарда осынау бағдарламаны жүзеге асырудың және кәсіпкерлік құрылымдар мен мемлекеттік басқару органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін тетігінің негізгі бөлшегі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылдың 15 қыркүйегіндегі № 884 қаулысына Р930884\_ сәйкес құрылған шағын бизнес орталықтары болуға тиіс деп белгіленген.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның басты мақсаты шағын бизнестің кең дамыған құрылымын құру арқылы шағын өндіріс кәсіпорындарында қолайлы жағдай жасау болып т а б ы л а д ы .

Басты мақсатты орындау үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:  
шағын бизнес инфрақұрылымының институты ретінде шағын бизнес орталықтарын құру және қалыптастыру;  
шағын бизнесті ақпараттық қызмет көрсету ісімен қамтамасыз ету;  
шағын өндіріс кәсіпорындарын өндіріс үйлерімен, жер учаскелерімен және ж а б д ы қ п е н қ а м т а м а с ы з е т у ;  
шағын өндіріс кәсіпорындарын шикізатпен және материалдармен

қамтамасыз етуге және олардың өнімін сатуға жәрдемдесіп отыру;

шағын және ірі кәсіпорындар арасында кооперацияны дамытуға жәрдемдесу;

шағын кәсіпорындарға консультация, заң және байланыс қызметін көрсету;

кәсіпкер кадрлар даярлау;

шетел инвестицияларын, шетел техникалық көмегін тарту және іскерлік байланыстар орнатуға жәрдемдесу.

Осы міндеттерді шешу республиканың шағын бизнесін тиімді дамытуға жағдай жасайды. Ол үшін республиканың барлық облыстарында, Алматы және Ленинск қалаларында шағын бизнес орталықтарын ашу қажет. 1995 жылдың аяғына дейін шетелдік консультанттарды тарта отырып, олардың қызметінің бағдарламасы бекітілсін.

I. Шағын бизнес орталықтарының республикалық желісі қызметінің негізгі бағыттары және оларды жүзеге асыру тетігі

1. Шағын бизнесті ақпараттық қызметпен қамтамасыз ету

Шағын бизнесті ақпараттық жағынан қамтамасыз ету үшін:

шағын бизнестің орталық ақпарат желісін жасау арқылы ақпарат жағынан қамтамасыз ету және қызмет көрсетудің орталықтанған жүйесін құру;  
жинақталған ақпаратты талдау негізінде шағын бизнес орталықтары желісінің бұдан былайғы бағыттарын іске асыру;  
желі бөлшектерінің қызметін ақпарат жинау мен өндеуден тұратын жұмысын кейіннен рынокта коммерциялық жолмен жүзеге асыратындай етіп құру  
к ө з д е л е д і .

А қ а п а р а т к ө з д е р і :  
республиканың шағын және ірі кәсіпорындары;  
компьютер желілері бойынша таратылатын хабар;  
баспасөздегі, арнаулы басылымдар мен теледидардағы

мақалалар, хабарландырулар, жарнамалық материалдар;  
мемлекеттік басқару органдары, сондай-ақ олармен қолданылып жүрген заңдарда келісілген дәрежеде өзара тиімді қарым-қатынас жасайтын банк құрылымдары;

ақпарат агенттіктері мен фирмалар, оның ішінде шетелдік агенттіктер мен фирмалар;

жеке адамдар.

Ақпарат тұтынушылар;

аймақтық шағын бизнес орталықтары;

меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындар, оның ішінде

шетел кәсіпорындары;  
мемлекеттік басқару органдары;  
ақпарат агенттіктері;  
компьютерлік желілер.

Шағын бизнестің республикалық ақпарат желісі өз клиенттеріне абоненттік қызмет көрсетеді, шалғай базалардан мәліметтер алу, желілердің почталық (электронды почта) қызметін көрсетеді, электронды конференциялар өткізуге және тағы басқаларға көмектеседі. Іскерлік байланыстар орталығы ақпарат желісіндегі басты орталық болады. 1995 жылдың аяғына дейін барлық шағын бизнес орталықтарын ұйымдастыру ісінің техникасымен және модемдік байланыспен қамтамасыз ету қажет.

## 2. Шағын өндіріс кәсіпорындарын өндірістік үй-жаймен және жабдықпен қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасында Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында республикалық және облыстық шағын бизнес орталықтарына өзін-өзі ақтамайтын және тиімділігі төмен мемлекеттік кәсіпорындардың өндірістік объектілерінің, үйлері мен жабдығының 10 проценті беріледі, олар кейіннен конкурстық негізде мүліктік жалдауға шаруашылық жүргізуші субъектілерге беріледі.

Объектілер мен үй-жай (орнатылған жабдықтармен бірге) анықталғаннан кейін Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет органдары бөлу балансын өткізеді, оның нәтижесі бойынша бұл объектілер (үйлер) орнатылған жабдықтармен қоса шағын бизнес орталықтарының балансына беріледі. Бұл шағын бизнес орталықтарының инвестицияларды шағын бизнеске тартуға қажетті кепілдіктермен қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

Осы объектілерді (үй-жайды) кейіннен мемлекеттік емес заңды ұйымдарға және жеке адамдарға мүліктік жалдауға беру конкурстық негізде өткізіледі, бұл үшін олардың халық сұранымына лайықты өнім шығаратын технологиялық жабдығы немесе "ноу-хоу" және жобаларды жүзеге асыру мен кредит ресурстарының қайтарылымын қамтамасыз ететін, пайдалануға керекті кредит ресурстары болуға тиіс.

## 3. Шағын өндіріс кәсіпорындарын шикізатпен және материалдармен қамтамасыз етіп, олардың өнімдерін өткізуге жәрдемдесіп оыру

Шағын өндіріс кәсіпорындарын жабдықпен, шикізатпен, материалдармен қамтамасыз етіп, олардың өнімін өткізу үшін:  
шикізат пен материалдарға, жабдықтарға, шығарылатын өнім көлеміне мұқтаждық туралы ақпаратты талдау;  
шағын өндіріс кәсіпорындарын шикізатпен, материалдармен және жабдықпен қамтамасыз ету мүмкіндіктерін анықтау;  
аумақтық шағын бизнес орталықтары жанындағы көтерме

сауданың аймақтық салондары арқылы делдалдық желі құру көзделеді.

Көтерме сауданың салондары мен делдалдық желі арқылы шағын кәсіпорындар өз өнімін бүкіл республика бойынша өткізе алады, сөйтіп басқа аймақтарда өндірілетін қажетті өндіріс құрал-жабдықтарын, сол сияқты шикізат пен материалдар алуына болады.

Көтерме сауда салондарының коммерциялық қызметі қарастырылады, одан түскен табыс шағын бизнес орталықтарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға жұмсалады.

#### 4. Шағын және ірі кәсіпорындар арасындағы кооперацияны дамытуға жәрдемдесу

Шағын бизнесті өндірістік-технологиялық жағынан қолдауды жүзеге асыру үшін, өндірісті осы заманғы деңгейде ұйымдастыру және оны бөлшектері бойынша және технологиялық мамандандыру мақсатымен жинақтаушы бұйымдарды өткізушілер мен берушілер ретінде шағын кәсіпорындарды ірі кәсіпорындармен біріктіру ісі ұйымдастырылады.

Контракт корпорациясы жүйесі ақпараттық желінің техникалық базасына негізделді.

Осы жүйе шеңберінде республиканың ірі кәсіпорындарында ұдайы анкеттеу ісі жүргізіледі, бұл қажетті жинақтаушы бұйымдар бойынша және (немесе) ірі кәсіпорындар өнімін одан әрі өңдеу және т.б. үшін мәліметтердің бірегей базасын жасау мақсатымен жасалады. Содан кейін бұл мәліметтер шағын және орта

бизнес деректерімен салыстырылады да, кооперацияның ықтимал бағыттары және оларды жүзеге асыру шаралары белгіленеді.

## 5. Шағын кәсіпорындарға консультация, заң және байланыс қызметін көрсету

Шағын бизнес орталықтар қызметінің аса маңызды бағыттарының бірі шағын кәсіпорындарға консультация, заң және байланыс қызметін көрсету, атап айтқанда:

басқару, маркетинг, өндіріс салаларындағы консультация;  
құрылтай құжаттарын әзірлеп, оларды тиісті органдарда тіркеу ісіне жәрдемдесу;

қажетті мәліметтерді іздеу, жинау және өңдеу;

ақпарат беріп отыру;

жедел көшірмелеу;

автожауапшылар беру;

кеңсе және почта қызметін көрсету;

іскерлік құжаттама бастыру;

аудиторлық қызмет;

заң консультациясы және кәсіпкерлер құқын сотта қорғап отыру;

шағын бизнес үшін жасалған компьютерлер мен бағдарламаларды пайдалануға беру;

телекс, факс;

жер серігі арқылы байланыс;

бизнес-орталықтың кітапханасын пайдалану;

іскерлік кездесулер өткізу үшін конференц-залдар мен кабинеттер беру және байланыс сипатындағы басқа да қызмет түрлерін көрсету.

Бұл шағын кәсіпорындардың жұмысын сапалық жаңа деңгейге көтеруге, әсіресе, кәсіпорындардың қалыптасу кезеңінде көптеген қателіктер жібермеуге мүмкіндік береді.

## 6. Кадрлар даярлау

Кәсіпкер кадрлар даярлау мақсатында шағын бизнес

орталықтарының оқу-консультация қызметін дамыту көзделеді.

Мұндай қызметтің мақсаты:

әрбір адамға дербес және жеке тұрғыдан қарау;

білікті консультация және кәсіпкерлер проблемаларын іс жүзінде келістіріп шешу;

жаңа оқу-әдістемелік бағдарламаларды жедел енгізіп отыру.

Шағын бизнес орталықтарының оқу-консультациялық қызметін іске асыру жеке білім беру құрылымдары мен мемлекеттік мекемелердің мамандарын, сондай-ақ халықаралық ұйымдар қаржыландырып отыратын шетел мамандарын тарту арқылы жүргізіледі.

#### 7. Шетелдік инвестицияларды, шет елдің техникалық көмегін тарту және іскерлік байланыстар орнатуға көмектесу

Республиканың шағын кәсіпорындарының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін:

отандық кәсіпкерлердің шетел фирмаларымен іскерлік байланыс орнатуына және шетелдік әріптестермен бірлескен бизнес ұйымдастыруға көмектесу;  
халықаралық ұйымдар жүзеге асыратын техникалық көмек

бағдарламалары жөнінде кәсіпкерлерге үнемі хабарлап отыру;  
шетелдік кредит желісі бойынша валюталық кредит алу үшін құжаттарды әзірлеу ісінде кәсіпкерлерге жәрдемдесу;  
жобаларды әзірлеу, таңдап алу және сараптау жүйесін құру, кейінен таңдап алынған жобаларды іздестіру және қаржымен қамтамасыз ету көзделеді.

#### II. Шағын бизнес орталықтары желілерінің элементтерін дамыту

Шағын бизнес орталықтарын дамыту олардың қызмет етуінің негізгі бағыттарының өзара байланысы арқылы жүзеге асырылады:

бизнес-орталық;

бизнес-инкубатор;

технопарк (тиісті ресурстары болса)

Бизнес орталықтың сипаттамасы.

Кәсіпкерлерге ақпараттық қызмет ету, коммуникациялық және консалтингтік жәрдем көрсету, оларды маркетингтік қамтамасыз



ету мақсатында:

шағын бизнес орталықтарының және олардың клиенттерінің қызметі үшін қажетті мәліметтер жиынтығын жасап, оны жүргізу;

аймақтық шағын бизнес орталықтарының қазақстандық кәсіпкерлерді қолдау мен дамыту орталығымен екі жақты ақпараттық байланысын қолдап отыру ұсынылады.

Бизнес-орталықтың клиенттері мыналар болады:

өнертапқыштар;

кәсіпкерлер;

мемлекеттік және басқа да құрылымдарда жалданып жұмыс істеп жүргендер;

жеке бизнесін ұйымдастырушылар;

іскерлік әкімшілік, шаруашылық заңдары, экономика және т.б. жөнінде практикалық оқу мен сынау мерзімінен өткісі келетін жеке адамдар;

белгіленген ақысын төлеп, өзінің шаруашылық, сондай-ақ техникалық жобаларын сараптан өткізгісі келетін, өз кәсіпорнының бизнес-жоспарын жасап, оның қаржылық болашағын бағамдағысы келетін кәсіпкерлер;

өнімді жарнамалауды ұйымдастыруға, ғылыми-техникалық, шаруашылық-құқықтық ақпаратқа ділгер кісілер.

### Бизнес-инкубатордың сипаттамасы

Жаңа шаруашылық құрылымдарды қолдау мақсатында жас кәсіпкерлерге қажетті өндірістік және материалдық-шикізат базасын беру ісіне жәрдем көрсету ұ с ы н ы л а д ы .

Кәсіпкерліктің жаңадан жасалып жатқан және өндірісте жұмыс істеп жатқан әралуан түрлері бизнес-инкубатордың қатысушысы бола алады, олар:

өндірістік қызметін өркендетуші кәсіпкерлер;

жаңа өнім шығаруға әзірлеп жатқан өндірушілер;

өндірістік мақсаттағы объектілерді салуға, жаңғыртуға және жөндеуге кіріскен шағын кәсіпорындар.

Бизнес-инкубатор қатысушылармен қарым-қатынасын контракт-келісім негізінде жүргізеді.

Бизнес-инкубатордың бағдарламалық-мақсатты инвестицияландырудан және кәсіпорындардың өзіне тиесілі бағалы қағаздарын сатудан түскен пайдасы жаңа кәсіпкерлік жобаларды өндіруге жұмсалады.

### Технопарктің сипаттамасы

Технопарк жұмысының мақсаты, аталмыш аймақтың тұтыну қажетін ескере отырып, даяр ғылыми жобаларды, технологияларды, патенттерді және тағы басқарларды сату болып табылады.

Технопарктің негізгі міндеттері:  
жаңа техника мен материалдардың тәжірибелік нұсқаларын жасау;  
жаңа технологиялық процестерді өндіруге көмектесу;  
жаңа бұйымдарды аз сериямен шығару;  
технопарк компанияларына сервистік қызмет көрсетуді және инжинирингтік жәрдемді жүзеге асыру.

Технопарктің жұмысы тиісті зерттеу орталықтарымен, өнеркәсіп орындарымен және басқа да мүдделі жақтармен жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылады.

Бұл бағдарлама іске асыру жөніндегі жұмыс жоспарымен және шағын бизнес облыстық орталықтарының жұмыс жоспарымен толықтырылады. Шағын бизнес орталықтарының құрылған жүйесі кәсіпкерлер үшін, әсіресе, шағын кәсіпорындардың ашылуы мен қалыптасуы кезеңінде қажетті қызметтердің неғұрлым тиісті деңгейін қамтамасыз етеді және еңбек нарығындағы шиеленісті бәсеңдетіп, қызмет көрсету саласын едәуір ұлғайту арқылы халықтың тұрмыс деңгейі сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 20 маусымдағы  
N 849 қаулысына  
қосымша

Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қазақстандық  
орталығы Үйлестіру кеңесінің құрамы

Тілеубердин А.А. - Қазақстан Республикасының Экономика  
министрі (төраға)  
Мұхамеджанов Н.Ф. - Қазақстан Республикасы Экономика  
министрлігінің басқарма бастығы (хатшы)  
Әбенев Д.О. - Кәсіпкерлікті қолдаудың қазақстандық  
орталығының бас директоры  
Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік  
комитетінің төрағасы

Мамыров Н.К. - Қазақ мемлекеттік басқару академиясының  
ректоры

Мұхамеджанов Б.Ғ. - Қазақстан кәсіпкерлері Конгресінің  
бірінші вице-президенті

Павлов А.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы  
министрі

Өтепов Э.К. - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру  
жөніндегі мемлекеттік комитетінің  
төрағасы